



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

1. Есенова Қ. Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): - Алматы, 2007. - 450 б.
2. Анисимова Е.Е. Лингвистика текста и межкультурная коммуникация.- М., 2003.-120 б.
3. Ибрагимова Ж.Т. Фотобейне – ой көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. № 3(49), 2014 ж. - 52-57 б.
4. Каменская О. Л. Лингвистика на пороге XXI века // Лингвистические маргиналии. Сборник научных трудов МГЛУ. Вып. 432. М., 1996. — 13–21б.

ӘӨЖ 398.5:316.356.2 (574)

ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Жанғали Ақсынай Жолашқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті,
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Бейсенбай

Қазақ тіл білімінің салалары жетерлік. Соның бірі – этнолингвистика саласы. Этнолингвистика – халық этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімі жаңа саласы. Этнолингвистика тарих, археология, әдебиеттану, мәдениеттану ғылымдарымен ұштасып жатса, ал этнография ғылымымен тығыз байланысты. Этнография қойнауында XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап этнолингвистиканың жеке бағыт ретінде пайда болуы АҚШ-тың тіл білімінде басталған. Бұл саланың Ресейде қалыптасуы Ф.И.Буслаевтың, А.А.Потебняның еңбектерінен көрініс береді. XIX ғ. 70-80 жылдарында фольклористика саласының жанданып, тіл мен мәдениеттің байланысын зерттеудің жаңа жақтарының ашылуы этнолингвистиканың ұғымы мен міндеттерін кеңейтіп, өзін жаңа сатыға көтерді [3, 241]. Бұл саланың ерекшелігі, зерттеу пәні т.б. қырлары туралы академик Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко еңбектерінде жан-жақты айтылған және осы салаға қатысты бірқатар еңбектерді кездестіруімізге болады. М.М.Копыленконың этнолингвистика мәселесінің жалпы теориялық негіздерін түсіндіруге арналған «Основы этнолингвистики» атты монографиясы этнолингвистика негіздерін, оның нышандарын анықтаған, болашақ даму перспективасын көрсетуге арналған жалпы тіл біліміндегі тұңғыш зерттеу болды.

Адамзат баласы табиғаттың сыр-сипатын, жұмбағын, қоғам өміріндегі түрлі болмыстың мәні мен мақсатын, шындығы мен қайшылығын ой-сана қуатымен, ғылыми-диалектикалық әдіспен зерттеп білсе, енді бірде көркем сөз өнері, соның ішінде өмір құбылыстарын образдық ой арқылы жеткізетін халықтың коллективтік творчествосы – фольклор шығармаларынан танып біледі. Фольклор шығармаларынан халық тағдыры, оның өмірден кейінгі көрген қайғы-қасиеттері мен мұң-зары, келешектен күткен арман-тілектері айқын көрініс тапқан [2,12]. Қазақ фольклорының образдары жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой тастайды, ғибрат береді.

Фольклор – халық даналығы тудырған сөз өнері, тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы, танымдық, тәрбиелік мәні зор мәдени мұра. Фольклор шығармалары ауыз әдебиетімен сабақтасып, жазба әдебиетке жол салған. Көркем сөздің алғашқы үлгісі – фольклор. Ауыз әдебиеті, одан соң жазба әдебиет туғанда оның көптеген сюжеттері фольклордан алынған. Бұл дәстүр бүгінгі әдебиет тәжірибесінде де бар. Мысалы, М.Әуезовтың «Қара қыпшақ Қобыланды», «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек» сияқты пьесаларының сюжеті мен образдары фольклордан алынған. Мұны әдебиет пен фольклор арасындағы табиғи-органикалық байланыс дейміз. Жазба әдебиет сияқты ауыз әдебиетінде де өмір шындығының сәулесі бар.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі нұсқалардан бастау алатын қазақ отбасы фольклорының тарихы – тамырын тым тереңнен тартады. Отбасылық ғұрып фольклорының алғашқы тасқа басылған үлгілерін М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік», Ж.Баласағұнның «Құдатғұ білік» сияқты еңбектерінен, «Кодекс куманикус», «Оғыз нама», «Қорқыт ата» т.б. ескерткіштерден де көруге болады [10, 8].

Қазақ отбасы фолькоры ішінде отбасылық әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер жөніндегі этнографиялық деректер өз алдына бір төбе. Отбасылық ғұрып фольклоры – ішкі иірімдері мол, ғұрыптық та, лирикалық та астарлы қосқабат, көп қыртысты жанр. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры осы уақытқа дейін арнайы зерттеудің объектісі болғанымен, жалпы қазақ халық өлеңдеріне қатысты зерттеулердің арнасында шолу түрінде болса да, әр қырынан қарастырылап келді [9,9]. Фольклортану ғылымының соңғы кезеңде зерттеу аясының анағұрлым кеңейгендігін көруімізге болады. Отбасы фольклоры туралы сөз еткенде әдет-ғұрып, салт-дәстүр мәселесіне тоқталып өтеміз. Қазақтың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрыптары бүгінгі күні де өмір сүріп келеді. Қазақ отбасында баланың рөлі ерекше, сол себептен де әдет-ғұрыптың көбісі баланың дүниеге келу мен өсуі аралығын қамтиды.

Тыштырма – бесікке жаңа туған нәрестені бөлеу рәсімінде орындалатын ырым-кәделердің бірі. Бұл кәденің мақсаты – нәрестенің тал бесікті өмірінің басталуын және сол өмірдің басталуын және сол өмірдің ең өзекті мәселесі – ана сүтінің бойына сіңіп, күш-қуат болып тарауын, өзекті өмірінің басталуын паш ету.

Аузына түкіру – қазақ арасында сақталған ескі әдеп-ырымдардың бірі. Ділмар шешен, ел бастаған көсем, ғұлама ғалым, өнері асқан шебер, атақты билер мен хандар, батырлар – бәрі де қасиетті, елдің пір тұтып сыйынатын, сыйлайтын жандары саналып, олардың аузынан шыққан дуалы сөзінің ыстық лебізінің басқа адамның тілек-бата арқылы ғана аузына түкіру арқылы өтіп, жақсы әсер қалдыруы, ауысуы мүмкін деп сенуден шыққан. Ұзақ уақыт сөйлемеген баланы қалдық аспен және тістелген сиыр етімен тамақтандырады, сондай-ақ бай немесе құрметті қонақтардан қалған сусынды ішкізеді.

Баланы екі немесе үш жасқа толғанда ашамайға мінгізеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі «ашамай» сөзіне атқа мініп жүре алмайтын жас балалар үшін істелген арнаулы ер дегенді көрсетеді [4, 20]. Кей деректерде 6 жаста деп көрсетеді.

Отқа сәлем беру. Қазақ ұғымында от – үйдің жарылқаушысы, шамшырағы, сондықтан да жаңа түскен келін отауына табалдырықтан аттап кіргенде, ортада лаулап жанған отқа сәлем беріп «От ана, Май ана жарылқа!» деп тілеу тілейді. Сонымен қатар отқа май құйылып, енесі немесе жеңгесі отқа алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін сипап, «жүзің жарқын, дидарың ыстық» ата-енеге, қайыніні, қайынсіңлілеріңе шапағатты болғайсың. Тіл-көз тимесін! – деп тілек айтқан [4, 389]. Бұл әдет-ғұрып бүгінгі күнге дейін өз мәнісін жойған жоқ. Қай қазақ отбасында болмасын, келін түскен кезде беті ашылған соң, отқа май құю рәсімі орындалады.

Жас келін әдебі. Ерлердің жолын кесіп өтпеу, үлкендер отырған үйге кірмеу, үлкендердің әңгімесіне араласпау, шай құйғанда бір тізерлеп қырын отыру, қазан-аяғын сыңғырлатпау, дауыс көтеріп сөйлемей, жалаң бас жүрмеу – бұл дәстүр жас келінді ізеттілікке баулиды. Келінге қатысты көптеген әдет-ғұрыптар да бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған емес.

Қазақ ырым-тыйымдары, мақал-мәтелдері – этностың өткен өміріндегі тұрмыс-тіршілігінің айнасы, ғасырлар бойғы мәдениетінің тұнып тұрған мұражайы. Қазақтың ырым-тыйым сөздері этнос тілімен тығыз байланысты.

Қандай халық болмасын өздеріне тән ырымдары мен тыйымдары болады. Қазақ халқында адамның дүниеге келуінен бастап, оның тіршілігі, қоршаған ортасы және өмірден кету кездеріндегі іс-әрекеттерге байланысты туындаған әр түрлі тақырыптағы ырым-тыйымдардың саны шексіз. Сол себепті, біз зерттеу негізіне отбасы мәселесіндегі ырым-тыйымдарға тоқталып өткенді де жөн санадық. Ырым мен тыйымның міндеті – болашақты болжау, сәтті нәтижеге жету үшін алдын ала жоспар құру, белгілі бір қағида, ережеге бағынуды шарт етеді. Ырым-тыйым сөздердің мазмұнындағы тәрбие түрлері өте көп. Тыйым

сөздер адамның түрлі қарым-қатынасына байланысты пайда болған, табиғи тылсым күш күштердің киесі ұру, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған [7, 105]. Отбасының негізі - балаға мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Бала дүниеге келген күннен бастап ата-ананың ықпалында болып, өмірге тәрбие беруші мектебінен нәр алады [8, 313].

XI ғасырда Жүсіп Баласағұн өзінің өлеңінде:

«Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,

Өнерімен қуантады түбінде.

Бала нені білсе жастан, ұядан

Өле-өлгенше соны таныр қидан.

Өнер-білім берем десең басынан,

Бер оқуға балаларды жасынан,

Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған,

Жақсы-жаман болса, бала - соларда» - дегендей ата-аналар балаларының жеке ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар, тәрбие берген.

Дүниеге келген нәрестенің кіндігін ақ балтамен кесіп, таза жіппен байлайды да, түбіне күл себеді. Ақ балтаны өзге нәрсеге пайдаланбай сақтап қояды. Ер баланың кіндігін «үй күшік болмасын» деп қырдан асырып лақтырады, ал қыз баланың кіндігін «үйдің құты болсын» деген ырыммен ошақ түбіне көмген [8,314].

Қазақы ырымда сәби шалқасынан жатып алаңсыз ұйықтаса – елге белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп жатса – уайымшыл, жігерсіз болып шығады, етпетінен жатып ұйықтаса – ойшыл болады. Егер қол-аяғын еркін созып ұйықтаса – болашақ батыр, кемеңгер болады деп санаған [2, 184]. Осы келтірілген ырымдардан баланың болашақта қандай болып өсетінін анықтаған, болжам жасаған.

Ата-енеңнің, қайнағанның атын атама! Бұл тыйым негізінде «ат тергеу» салтына байланысты қалыптасқан талап, оның астарында да жастардың үлкенді сыйлау, құрметтеу талабы жатыр. Қазақ тіл білімінде бұл табу сөздер делінеді. Табу – алғашқы қоғам дәуірінде діни сеніммен байланысты белгілі бір сөз, іс, зат атын атауға салынған тыйым [1, 771]. Бұл тыйым бүгінгі күні де қолданылып келеді. Қазақ халқы бір-бірімен құда болу, келін түсіру мәселесіне аса мән берілген. Қазақ қызды жат жұрттық деп есептеген. Отбасында келіннің атқаратын рөлі зор. Келін алғаш үйге енгенде ата-енесі және олардың аға-апаларымен танысады, сәлем береді. Одан кейін, сәлем жасап, тағзым ететіні күйеуінің ағасы. Оны қайын аға, інісі болса қайын іні дейді. Күйеуінің апасы болса, ол қайын апа, қарындасы болса, ол қайын сіңлі атанады. Келін ата-енесі, қайнаға, қайнысы және басқалардың да атын атамаған. Қайнысына «молда бала», «төрем» және де қайын сіңлісіне «еркежан», «Аққыз» деген сияқты аттар қойған. Міне, бұл қазақ халқында «ат тергеу» салты делінеді [11, 71].

Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа! Тоқшылықта, мамыражай тіршілікте тамақ есебіне алынбаса да, адамның өзегі талған уақытта нәр берген, талғажау болған құйқаның дәмін одан кейін де ұмытпау керек. Ол қиын-қыстау, аш құрсақ кезеңдерден алып шыққан, күш-қуат берген ас. Сол сияқты адамның басына түскен іс қиын кезде көмекке келген, қол ұшын берген адамдардың жақсылығын ұмытпау керектігін де осы нақыл арқылы ескертеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құйқа» сөзіне мал басының үйітілген етті терісі деген анықтаманы көрсетеді. Бұл тыйым сөзді отбасыдағы тәрбие негізіне де алуға болады. Өйткені, отбасыда берілген тәрбие оның жеке тұлға болып қалыптасуына өз әсерін тигізбек.

Баланың қарын шашын тастама! Оның себебі: жалпы жаңа туған жас нәрестеге қатысты ұғымның бәрі киелі, қасиетті саналуында; мәселен, баланың кіндігі, қарын шашы, иткөйлегі, өркені, тырнағы т.б. оған қатысты заттардың барлығына қатысты [6, 357].

Баланың алғаш киген көйлегі иткөйлек деп аталған және оны сақтап қойған.

От жаққан орынды баспа, отырма. Себебі, қазақтардың ұғымы бойынша оттың киесі бар, отты аяқасты етіп, таптаған адамды кие ұрады, аяғы жарым жан не майып болып қалуы, ортқа өртеніп өлуі мүмкін [6,368]. От қазақ халқында киелі саналғандықтан, оның орнын

басуға болмайды.

Үйде ысқырма! Бұлай тыйым салу «үйде ысқырса жылан кіріп кетеді» деген сенімге байланысты, сондықтан да мал-жанға қауіпті жәндікті «шақыру» - жылан әдеп деп қарайды [6,372]. Бұл тыйым бүгінде де қолданыста бар. Қазақ отбасында бұл мәселе де маңызды саналған. Қонақ боп барған үйінде қызды төрге отырғызады. Себебі, «қырық көліктік бақыт бар». Төрде отырса сол бақыттың жұғыны қыз отырған төрде қалады. «Қызда қырық қырсық та бар». Босағада отырса – сол қырсық сол үйде қалады. «Қызда оттай ыстық мейір бар». Төрде отырса – сол мейір сол үйге бағышталады. «Қызда мұздай суық ызғар бар». Есік жақта отырса сол ызғар сол үйді шалады [5, 10]. Қазақ халқы әрқашанда қызды қадірлеген. Осыған орай, «қызды қырық үйден тию» деп те бекер айтылмаған.

Қазақта балаға кекіл қояды. Шашын тегіс ұстарамен қырып тастайды да, маңдайына бір шөкім шаш қалдырады. Жиегін тегістеп қояды. Ол кекіл деп аталады. Кекіл баланы ажарландырады. Соған орай баланы еркелетеді. Кекіл баланы тіл көзден, сұқтан қорғайды, пәле-жаладан қағады деп есептеледі [5, 39].

Ырым-тыйымдар жеке өмір сүре бермей кейде мақал-мәтелге де айналып кетеді. Себебі ырым-тыйым мен мақал-мәтел екеуінде де халықтың ғасырлар бойы табиғат пен әлеуметтік құбылыстарды бақылауында туған нәтижелер қорытындыланады. Мысалы, «молаға қарай жүгірме», «асты қорлама» деген тыйымдар «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді», «Асты қорлама, құстырады», «Ерді қорлама састырады» деген түрде мақал-мәтелге айналғанын көруге болады. Сонымен бірге кейбір ырым-тыйымдар қарғысқа да айналады. Мысалы, «Құр бесікті тербетпе» деген тыйым «Құр бесікті тербетіп қал!» пішінінде қарғыс сөз болып айтылады. Ырым-тыйым көбіне бұйрық райда айтылады да, кейде ақыл-кеңеске де ұқсайды, мақал-мәтелге жақындағанымен де түпкі мәнінде ескерту, сақтандыру жатыр [7, 105].

Фольклор қазақ халқының өткенінен хабар берер асыл қазынамыздың бірі, ауызша халық шығармашылығы үлгілерінің жалпы атауы. Осы фольклор туралы сөз еткенде, оның қарастыратын мәселелерінің ауқымдысы – отбасы фольклоры болды. Қазақ отбасы фольклоры туралы көптеген деректер жетерлік. Сол деректерді саралау негізінде зерттеу жұмысымыздың негізгі бөліміне кіріспестен бұрын, алдымен зерттеуге ұйтқы болған этнолингвистика ұғымына баса назар аударуды жөн көрдік. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ұғымына ғалымдардың берген анықтамалары шексіз және де оның зерттелуі тоқтап қалған емес. Зерттеуге арқау болған отбасы фольклоры жөнінде көптеген деректерді, материалдарды кездестірдік. Ғалымдардың осы тақырыпқа жазған еңбектерін де назардан тыс қалдырмадық. Қазақ отбасы фольклоры кең ауқымды тақырып. Сол себепті де зерттеу жұмысымызда отбасы мәселесіне қатысты әдет-ғұрыптар мен ырым-тыйымдарды алғанды құп көрдік. Қазақ халқының әдет-ғұрпы, ырым-тыйымы бүгінде өз мәнін жоғалтпаған, таза күйінде сақталған. Олардың барлығына да жеке-жеке тоқталып өту мүмкін емес. Сол себепті де, әдет-ғұрыптар мен ырым-тыйымдардың бірсыпарысына тоқталып, олардың мәнін түсіндіріп өттік. Отбасы фольклоры әлі де толық зерттеуді қажет етеді, ол туралы зерттеуді кеңейтіп, жан-жақты саралауды болашақтың еншісіне қалдырдық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы «Дайк-Пресс», 2008 ж.
2. Ә.Қоңыратбаев «Қазақ фольклорының тарихы» Алматы: Ана тілі, 1991 ж.
3. Ж.Манкеева «Қазақ тіл білімі мәселелері», Алматы «Абзал-ай», 2014ж.
4. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, II том. Алматы «Арыс», 2006 ж.
5. А.Қайбарұлы, Б.Бопайұлы «Қазақ ырымдары», Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 1998 ж.
6. Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» (этнолингвистикалық сөздік) II том, Алматы «Сардар», 2013 ж.
7. Шығыстың аймақтық хабаршысы, ғылыми журнал, 2013 ж. №1
8. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы, Алматы «Қазақ